



## АРДАГЕРЛЕРДІҢ МЕРЕЙІ ТАСЫДЫ



## ЯСАУИ ЕҢБЕКТЕРІНЕ АРНАЛДЫ



# Ясауи

ШЫНДЫҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ - ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

УНИВЕРСИТЕТ  
СТУДЕНТТЕРІНІҢ  
ҮНІ

e-mail: a.yassau@mail.ru

# университеті

№7 (434) 18 СӘУІР 2017 ЖЫЛ

## «ЯСАУИ» ПӘНДІК ОЛИМПИАДАСЫНДА 100 ОҚУШЫҒА ГРАНТ БЕРІЛДІ

«Кәсіби бағдар» бөлімінің ұйытқы болуымен IV Республикалық «Ясауи» пәндік олимпиадасы өтті. 2014 жылдан бастап университетімізде аталмыш білім додасы ұйымдастырылып келеді. Биыл да жылдағы дәстүр бойынша өткізілген IV Республикалық «Ясауи» пәндік олимпиадасы қорытындыланды. Жеңімпаз болған оқушыларға Түркия Республикасы тарапынан оқу гранттары және арнайы сертификаттар мен дипломдар берілді.

Білім бәйгесіне еліміздің 14 облысы мен Астана, Алматы қалаларынан 7 мыңға жуық оқушы қатысып, бағын сынады. Білімгерлер физика, математика, биология, химия, информатика, география, қазақ тілі (қазақ тілді топтар үшін), орыс тілі (орыс тілді топтар үшін), ағылшын тілі, қазақстан тарихы, жалпы тарих пәндері бойынша білімдерін сарапқа салды. Екі кезенді қамтыған олимпиада мәресіне жетті. Үш айға созылған олимпиаданың іріктеу кезеңі - онлайн түрде 1-4 наурыз аралығында өткізілген еді. Білім сайысына 6600 оқушы қатысты. Университет базасындағы шешуші кезеңде 1200 оқушы бағын сынады.

Ұл-қызына тілеулес болып, қолдау білдіріп келген ата-ана мен ұстаздардың санында есеп жоқ. Біз де

өз кезегінде емтихан тапсырып жатқан оқушыларды тағатсыздана күтіп отырған ұстаздар қауымымен тілдесіп едік.

**Гүлнәр Жұмаева,** Қызылорда қаласы, Қазалы ауданындағы №266 мектептің химия пәнінің мұғалімі: Үздік оқушыларға жетекшілік етіп келіп отырмын. Білім грантына ілігеді деп ойлаймын. Онлайн арқылы бірінші турдан жоғары балл алдық. Осындай олимпиаданы ұйымдастырушыларға алғысым шексіз.

**Қасенова Ғалия,** Өскемен қаласы, Шоқан Уәлиханов атындағы №3 мектеп-лицейінің мұғалімі. Осымен үшінші жыл қатысудамыз. Өткен жылдары біршама оқушыларымыз грант иегері атанған. Биыл да 8 оқушы ақтық турға қатысып отыр. Барлық қатысушыларға сәттілік тілеймін. Үміт артқан оқушыларымыз жүлделі орындардан көрінеді деп сенемін.

Асыға күткен марапаттау сәті де келіп жетті. Іріктеуден өткен үздік оқушылар жеңіске жетті. Олимпиаданы қорытындылаған университет ректоры, профессор Уәлихан Әбдібеков пен университеттің Даму және қаржыландыру жөніндегі вице-президенті Мұстафа Эрен жеңімпаздарға университеттің білім гранты дипломын табыстады. Өз білімдерімен өзгелерден дара шыққан 100 грант иегері алдағы болатын ҰБТ-дан 50 балдан жоғары жинаса, университетімізде тегін білім ала алады. Университет ректоры У. Әбдібеков университет грантына ілікпей қалған қатысушыларға да үлкен жеңілдіктер қарастырылатынын айтты. «Мемлекеттік білім грантын иелене алмаған оқушыларды ҰБТ-да жинаған 50 ұпаймен сертификат

арқылы ақылы негізде 25 пайыздық жеңілдікпен білім алуға болатынын» жеткізді. Білім грантын жеңіп алған оқушылардың қуанышында шек болмады. Жүзі бал-



бұл жанған талапкерлер ұйымдастырушы тарапқа алғыстарын жаудырды. Олимпиада жеңімпаздарын марапаттау рәсімінің соңы «Продюсерлік орталықтың» ұйымдастыруымен өткен концерттік бағдарламаға ұласты. Олимпиадаға қатысушылар №3 оқу ғимаратының алдында мамандықтар көрмесін аралап, кәсіби бағдар жұмыстарымен танысты. Университет кампустарын аралады. Республикалық «Ясауи» пәндік Олимпиадасында 2015 жылы 33, 2016 жылы 59 оқушыға білім гранты тағайындалса, биыл бұл көрсеткіш екі есеге артып отыр. Олимпиада жүлдегерлері өздері таңдаған пәндерге сәйкес келетін мамандықтар бойынша университетімізде тегін білім алуға. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін айқындау және дамыту мақсатында ұйымдастырылатын білім сайысы алдағы уақыттарда да жалғасын табатын болады.

ЯУ-ақпарат

### СЕНАТ

## КЕЗЕКТЕН ТЫС СЕНАТ МӘЖІЛІСІ ӨТТІ

Университетіміздің мәдениет сарайы кіші залында кезектен тыс мәжіліс өтті. Күн тәртібінде Түркиядағы Стамбул университетінің ректоры Махмут Акқа шетелдік азаматтарға арналған профессор атағын беру жөнінде ұсыныс қаралды.

Сенат хатшысы Мәриям Асанова Махмут Актың қысқаша өмірбаянымен таныстырды. Оқу ордамыздың ректоры Уәлихан Әбдібеков: «Еліне елеулі болып жүрген азаматқа саяси қолдау көрсеткеніміз жөн. Ол келешегі жарқын екі университет арасына көпір болатын кемеңгер тұлға. Қолдау көрсетейік», - деді. Сенат мүшелері де бір ауыздан қолдады. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры, ака-

демик Ғалымқайыр Мұтановқа мерекелік медаль тағу шешімі бір ауыздан қабылданды. Ғ.Мұтанов басқарып отырған Қазақ Ұлттық университеті әлемдік рейтинг бойынша 236 орынға жайғасыпты. Бұл жақсы көрсеткіш.

Екінші мәселе оқу корпусында өткен «Ясауи» пәндік олимпиадасына қатысушы талапкерлерге ашық есік күнін өткізу жүктелді. Барлық факультет декандарынан оқу ордамызға алыс-жақыннан келген қонақтарға университет жөнінде насихаттау міндеттелді. Ерекшеліктері мен артықшылықтарын түсіндіру тапсырылды.

ЯУ-ақпарат

## ТҮРКІ ЕЛДЕРІНІҢ ҒАЛЫМДАРЫ БАС ҚОСТЫ

Жуырда Алматы қаласында Еуразия ғылыми-зерттеу институтының ұйымдастыруымен «Түркі мемлекеттеріндегі діни білім берудің теориясы мен практикасы» атты халықаралық семинар-практикум өтті. Шараға түркі елдерінен келген ғалымдар қатысты.

Семинар-практикумда түркі мемлекеттерінің жоғары оқу орындарындағы діни білім берудің теориясы мен методологиясы бойынша баяндамалар жасалып, осы елдердегі дінтанушы мамандар дайындаудың бүгінгі тәжірибесі мен перспективасы талқыланды.

Еуразия ғылыми-зерттеу институтының директоры Н.Шимшек, университетіміздің вице-президенті М.Эрен, «Дінтану» кафедрасының меңгерушісі И.Шенгул және тағы да басқа ғалымдар қатысып, күн тәртібіндегі мәселе бойынша өз ойларын ортаға салды және құнды ұсыныстар жасады.

Ғылыми жоба координаторы тарих ғылымдарының докторы, профессор Т.Хазретәлі түркі мемлекеттердегі діни білім мәселелеріне қатысты ұсыныстар бойынша баяндама жасады.



ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ ДЕПАРТАМЕНТІ



УНИВЕРСИТЕТ ТЫНЫСЫ

**ЯСАУИ ЕҢБЕКТЕРІНЕ АРНАЛДЫ**

Оқу ордамыздың Ғылыми кітапханасында «Жалпы бөлім» оқу залының ұйытқы болуымен «Қожа Ахмет Ясауи атындағы оқу залының» ашылуына байланысты библиографиялық шолу ұйымдастырылды. Шараның негізгі мақсаты – «Қожа Ахмет Ясауи атындағы оқу залына» қойылған кітаптармен таныстыру. Библиографиялық шолуда Түркология ғылыми зерттеу институты ерекше белсенділік танытты.

Салтанатты шарада даму және қаржыландыру жөніндегі вице-президент М. Эрен оқырмандарды, кітапхана ұжымын Ясауи бабамыздың оқу залының ашылуымен шын жүректен құттықтады. Қаламызға қарасты 73 мектеп кітапханасына Түркияда шығарылған Қожа Ахмет Ясауи туралы «Түркі әдебиетінде алғашқы сопы ақындар» және «Ахмет Ясауи» атты екі кітап сыйға берілмек. Мұны тиісті орынға жеткізу Түркістан қаласы білім әкімдігінің білім бөлім әдіскері Ақжанов Абайға жүктелді. Тиісті шаруаны тиянақты атқаруға келіскен әдіскер Ақжанов Абай келешекте оқу залы жаңа кітаптармен толықсын деген ниетін білдірді. Бұдан әрі Ясауитанушы Зікірия Жандарбек ортаға шығып Ясауидің ілімі жөнінде кеңінен сөз қозғады. Студенттер «Даналық кітабынан» үзінділер оқыды.

Ясауи оқу залының бір бұрышына орналасқан сөрелерде кітаптар, СД дискілер қаз-қатар тізіліп тұр. Самсыған сан кітап Ясауи бабамыздың өмір жолы, сопылық ілімінен сыр шертеді. Оқырманның білім көкжиегін кеңейтеді. Оқу залына қойылған көп тілді кітаптар жөнінде кітапхана қызметкері шолу жасады.



Кітапханаға келген кітаптар туралы ақпаратты кітапханашының бес саусақтай білетіні байқалып тұрды. Кітаптардың ішкі мазмұны мен неше беттен тұратынына, қанша тілде жазылғанына дейін айшықтап айтып шықты. Қай баспа, автор кім деген сұрақтарға да толыққанды жауап берді. Ең соңғы келіп түскен кітаптың авторлары университет оқытушылары Досай Кенжетай мен Зікірия Жандарбек екендігін айтып өтті.

Оқу залына жиылған оқырмандар назарына бірден Ясауи кесенесінің сұлбасы іспеттес сөре ілікті. Мұны университетіміздің Әкілетті Кеңес төрағасы Мұса Иылдыз осы жылдың қаңтар айында сыйлыққа беріпті. Қасында 80 дана кітабы бар. Бұдан өзге кітап сөресіне қойылған кітаптар Түркой тартуы. Бұл қазыналарды басқа ауыл, қала, облыс кітапханаларынан таппайсыз. Бірақ бұл мәселені шешу де қарастырылған. Кітаптардың бірнеше данасы ұлттық кітапханаларға жөнелтілмек. Бұл іспен ғылыми кітапхана директоры Меруерт Абсеметова айналысамын деп отыр.

ЯУ-ақпарат

**СЕМИНАР ПО ТЮРКОЛОГИИ**

12 апреля 2017 года в Научном библиотеке нашего университета был организован семинар на тему «Виртуальная библиотека культурного наследия среднеазиатских тюрок в письменных источниках XIX века». По теме докладывала кандидат исторических наук, доцент Альжанова Эльмира Есиркеповна, доцент кафедры «История», Международного казахско-турецкого университета имени Х.А.Ясауи.

В семинаре озвучен проблемы исследования и анализ трудов, научных работ и библиографических данных, которые показывают, что основные письменные источники XIX в. являющиеся культурным наследием Среднеазиатских тюрок, в которых приведены уникальные полнотекстовые материалы, хранятся в библиотеках и архивах стран постсоветского пространства, ближнего и дальнего зарубежья. А также определен термин «колониальные архивы». Материалы, которые содержатся в «Туркестанском сборнике» уже оцифрованы. К сожалению, оцифрованный материал (более 76 Гб, 220000 стр.) не систематизирован, не каталогизирован и не имеет поисковых механизмов. Предстоит большая работа по электронной каталогизации материала. Это огромный фонд данных, который нуждается в информационной обработке и предоставлении в удобной форме для доступа к пользователям, ждет своих исследователей. Поэтому, на сегодняшний день, созрела насущная потребность в систематизации материалов в этих письменных



источниках посредством каталогизации, формировании специализированных баз данных и разработка программного комплекса, позволяющего организовать эффективный поиск и дистанционный доступ к необходимым искомым источникам.

Научного семинар продолжался с обсуждением некоторых вопросов. Семинар закончился с вручением сертификата.

**Е.ОМИРБАЕВ**  
Старший научный сотрудник  
Научно-исследовательского института  
Тюркологии

**ҰЗІАМЕГЕН ҮМІТ**

Университетіміздің Мәдениет сарайында ағайынды үш азамат Әлішер, Ақтілек Жәдігеровтер мен Бақытжан Сортаевтың бастамасымен түсірілген «Мақсат» кинофильмінің тұсаукесері болып өтті. Аталмыш туындыда кино режиссері Әлішер Жәдігеровтің өмірі толық көрсетілген. Кеш барысында алдымен Әлішердің «Үкілі үміт» атты сахналық қойылымы қойылды. Сонымен қатар бұл өмірде қолымыздан келмейді деген нәрсенің жоқтығын тағы бір мәрте дәлелдеген ол арбада отырғанына қарамастан түрлі өнерін мәселен, би және спорт жағынан шеберлігін көрсетіп халықтың ыстық ықыласына бөленді. Таңқалысын жасыра алмаған көрмендер орындарынан тұрып шынайы құрмет білдірді. Кино көруге жиналған студенттер мен қарапайым халықтың қарасы көп болды. Жастарға тәрбиелік мәні зор бұл кино бар жоғы қырық минуттық болса да өзге шетелдің сериалдарынан мың есе артық екендігі әмбеге аян. Себебі сахнаға жиналғандардың ішінде көзіне жас алмаған адам жоқтың қасы. Екі аяқты арбаға таңылса да жігерінің құм болмай нақты мақсатқа қарай қол созғаны, армандарының алдамасына, сенімдерінің мұқалмасына сенген жас жігіттің басынан өтіп жатқан еш боямасыз тағдыры өзінің «Мақсат» атты киносынан айқын көрніс тапқан. Мүмкіндігі шектеулі адамдарға қазіргі қоғамда кейбір есіктер тарс жабық болса да сол жабулы есікті өз

күшімен ашуға тырысқан атпал азаматтың армандарына басқан алғашқы сәтті қадамына жақындарының қолдауы мен өзінің күш-жігерінің арқасында жеткені айқын. Ата-анасының тапқан-таянғанын ысырапсыз далаға шашып, денсаулығының он екі мүшесінің саулығының қадірін білмейтін бүгінгі кейбір жастарын тәубесіне келтіретін жақсы туындылардың бірі болды. Қарапайым адамның қолынан келмейтін дүниелік шектеулерге қарамастан жасап шығарған бұл азаматтар бүгінгі күннің нағыз батырлары. Мүмкіндігі шектеулі деген сөзге қарсы шыққан Әлішер Жәдігеров осы туындысы арқылы қанша жерден кедергілер қойылса да оған қарсы күш-қуат пен асқақ арманың, болашаққа нық сенімің болса қандай тосқауыл болмасын лезде жолыңнан біржолата алып тастауға болатынын тағы бір мәрте дәлелдеді. Жиналған көпшіліктің кинодан алған әсері де жоғары болды. Алдағы уақытта да туынды автрларына сәттілік тілейміз. Қазақтың кино өлеміне қосар үлесі көп болғай. Шын мәнісінде жүректе сенім болса алынбайтын асу, жетпейтін жетістік болмасы ақиқат.

**Венера ОЙЫЛХАНОВА,**  
1-курс студенті

**АРДАГЕРЛЕРДІҢ МЕРЕЙІ ТАСЫДЫ**

Жуырда Өнер факультетінің оқу ғимаратында университет «Ардагерлер ұйымының» кезекті мәжілісі өтті.

«Ардагерлер ұйымының» төрағасы, профессор Б.Накипов шараны ашып, күн тәртібіндегі негізгі мәселелерді айтты.

Вице-президент, профессор Б.Мұхамеджанов, Кәсіподақ ұйымының төрағасы А.Кенжалиев оқу ордамызда көп жылдар еңбек етіп, өсіп-өркендеуіне өз үлестерін қосқан аяулы ардагер ұстаздарды, қызметкерлерді марапаттады.

Мерейтой иелері, «Математика» кафедрасының доценті Ә.Әсібековке, «Орындаушылық өнер» кафедрасының профессоры Р.Садықоваға, «Профилатикалық медицина» кафедрасының доценті, м.ғ.к., С.Ермановаға, «Виварий» зертханасының меңгерушісі қызметін атқарған Қ.Төлбасиевке, шаруашылық бөлімінің қызметкері Н.Болысоваға шапан жауып, сый-сыяпат табыстады.

Сондай-ақ, ардагерлер құрметіне ҚР еңбек сіңірген әртісі, дәстүрлі әнші Рамазан Стамғазиев арнайы келіп, халық өндері «Ақ бақай», «Дариға-дәурен» сынды өндерді орындады. Айта кетейік, әнші Р.Стамғазиевтің «Орындаушылық өнер» кафедрасының оқытушысы ретінде шәкірттерге дәріс беруге келген сәті еді.

Көңілдері шат-шадыман болған ардагерлер бір марқайып қалды. Еңбек өтілі 15-22 жылдан кем емес ардагерлер өздеріне азаматтық танытқан басшыларға алғыстарын білдірді.

Шара соңында профессор Б.Накипов күн тәртібіндегі әртүрлі мәселелерді ортаға салды. Ардагерлер ұйымының мүшесі, «Жалпы тарих» кафедрасының профессоры Р.Нұрланбекова баяндама жасады. Кеңес мүшелері ардагер ұстаздар үшін тиімді ұсыныстарды, рухани жәрдем болатын жағдайларды талқылады.

Фото: Н.ИСКАКОВ  
Ақпарат орталығы



**ENACTUS - БҰЛ ЖОҒАРЫ БІЛІМ ЖӘНЕ БИЗНЕС АРАСЫНДАҒЫ БІРЛЕСТІК**

Халықаралық ғылыми жобалар орталығының бастамасымен «Халықаралық қатынастар» клубы мен «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің ұйымдастыруымен №2 оқу ғимараты алдында «Enactus» бағдарламасы аясында «Қол ұшын соз» жобасының ашылуы салтанатты түрде болып өтті.

Даму және қаржыландыру жөніндегі вице-президент Мұстафа Эрен және «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы Мехмет Топлы жобаға сәттілік тілеп, өздері әкелген киім-кешектерін «enactus» қоралдарына салды. Игілікті істі өзге де оқытушы-студенттер жалғастырды. Қолдарын түсті бояуға батырып, ақ қағазға қолтаңбасын қалдырғандар да кездесті. Бұл жобаның бір ережесі десек те болады. Осы жарқын істердің түпкі мақсаты жағдайы төмен отбасылар және мұқтаж жандардың өмір деңгейін көсіпкерлік тәсілдерді қолдану арқылы жақсарту. Нақтырақ айтсақ, «enactus» бағдарламасы өлемнің 39 елінде таралған халықаралық коммерциялық емес ұйым. Ол белсенді жастарды, академиялық және іскер көшбасшыларды біріктіреді. Бизнес көшбасшылар көмегі арқылы enactus студенттері жобаларды құрайды және оны жүзеге асырады. Жобаларды жасау барысында алынған тәжірибе адам өмірін өзгертіп қана қоймай, студенттердің көшбасшылық қасиетке ие болуына септігін тигізеді. Құрметті оқырман, жобаға өз үлесіңізді қосқыңыз келсе, әлі де кеш емес. Сіздің екі мүмкіндігіңіз бар. Бірі киім-кешек беру. Екіншісі enactus төсбелгісін небәрі 200 теңгеге сатып алу. «Қол ұшын соз» жобасы бір айға созылады.

Халықаралық ғылыми жобалар орталығының маманы Гүлхае Камалова белсенді студенттерден құралған команданы ертіп, сәуір айының 27-28 күндері Алматыда өтетін Enactus Kazakhstan-ның жыл сайынғы қазақстандық әлеуметтік және бизнес-жобаларының конкурсына қатысады. Біздің студенттердің «Қол ұшын соз» жобасын компания басшылары үздік деп бағаласа, команда Англиядағы өлемдік чемпионатқа қатысуға мүмкіндік алады.

Гүлдана Мейірханқызы

## УНИВЕРСИТЕТ МАҚТАНЫШЫ

## СПОРТШЫНЫҢ БАҒЫН ЖАНДЫРАТЫН БАБЫ

Елді танытатын оның өнері мен мәдениеті десек, спорт соның бірінші орнында тұрған өнер түрі. Қазіргі таңда спорттың барлық түрінен Қазақстан біріншілігі өтуде. Біріншілікте жүлделі орын алған спортшыларға Азия, Европа, Әлем чемпионаттарына қатысуына жол ашылады. Спортшының бағын жандыратын бабы мен бапкері. Университет құрамасындағы спортшыларымыздың бабын білу мақсатында бапкерлермен кездескен едік.

**-Бапкерлердің жұмысын баптап отырған шәкірттерінің жетістіктері көрсететіні белгілі. Спортшыларыңызды бабы қалай болуда?**

Жақыпбек ҚАСЫМБЕКОВ «Дене шынықтыру және спорт» кафедрасының оқытушы-профессоры, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, халықаралық дәрежедегі төреші, күрестен спорт шебері:



- Оқу ордамыздың №6 ғимаратында университет және облыстық спорт мектебінің үйірмелері жұмыс істейді. Самбо күресінің бапкерімін. Университет ашылғалы оқытушылықпен қатар бапкерлік жұмысты қатар алып келемін. Осы ғимаратта небір әлемге аты шыққан спортшыларымыз бапталды. 25 жылда самбодан әлем чемпионатының ондаған жүлдегерлерін дайындадым. Бұл жерде бокс, волейбол, баскетбол, таэквондо, күрес түрлері: самбо, дзюдо, қазақ күресі, еркін күрес үйірмелері бар. Әр спорт түрі бойынша өз бапкерлері жұмыс атқарады. Университеттің жоспары бойынша жылына 2 рет спартакиада өткізіліп тұрады. Спартакиада күзгі және көктемгі деп бөлініп, спорттың 15 түрі қамтылады. Қазіргі шәкірттеріміздің ішінде біріншіліктерде жоғары деңгейде көрініп, болашағынан үміт күттіріп жүрген спортшыларымыз баршылық. Атап айтсақ, «Денешынықтыру және спорт» мамандығының студенті Тоқтарбек Айдарбек Қазақстан Республикасының жеңімпазы, Румынияда өткен әлем біріншілігінде жүлдегер атанды. Студенттеріміз Нұрбек Есентаев, Дархан Бекберген, Ердаулет Қалқоз Қазақстан Республикасының жүлдегерлері атанды. Шымкент қаласында 13-сәуірде «Қазақстанның жастары арасындағы ойын» деп аталатын екі жылда бір болатын жарыста Тоқтарбек Айдарбек 74 келі салмақ бойынша оқу ордамыздың намысын қорғайтын болады. Тағы бір айта кететін жарыс 4-мамыр күні спорт шеберлері арасында самбода Қазақстан біріншілігі өткелі жатыр. Бұл сайысқа осы университеттегі спортшы оқытушы-профессорлар, бапкерлер қатысады.

**- Әбсадық аға, жақында ғана Қазақстан біріншілігінен келдіңіздер. Мұндай сайыстарда спортшылардың бағы мен бабы қатар шабатын кез. Шәкірттеріңіздің бабы сынға түсіп келді. Қанжығаға қай орынды байладыңыздар?**

Әбсадық ХАЛИЛАЕВ, «Дене шынықтыру және спорт» кафедрасының оқытушы-профессоры, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, күрестен қыздар командасының аға жаттықтырушысы:



- Наурыз айының 30 мен сәуір айының 2-ші жұлдызы аралығында Ақтөбе қаласына ересектер арасында күрестен Қазақстан біріншілігіне барып қайттық. Бұл біріншілік 2017-2018 жылдары өтетін Азия және Әлем чемпионатына іріктеу жарысы болатын. Қыздарымыздың

барлығы жолдама алып, Оңтүстік Қазақстан облысының намысын қорғап қайттық. 1-орынды – Жылқыбаева Айжан, 2-орын Жадыра Пайыз, 3-орынды Нилюфар Абилова, Меруерт Әлімбет, Айнұр Ақжігітова, Ақерке Абдукаримовалар түрлі салмақ дәрежесінде иемденіп, жалпы командалық есепте бірінші орынды жеңіп алдық. Барлығы облыстық құрама сапындағы қыздар. Тек республикада ғана емес, халықаралық Азия, Әлем чемпионаттарына қатысып жүрген спортшыларымыз. Сәуірдің 13-16 аралығында Шымкент қаласында «Қазақстан жастары арасындағы ойынына» қатысады. Алла бұйырса, маусым айында Ташкент қаласында Азия біріншілігіне қатысқалы отырмыз. Жаз айларында елімізде өткелі отырған ЕХРО-2017 көрмесі аясында ұйымдастырылатын сайыс пен екі жылда бір өткізілетін Универсиада ойындары алда күтіп тұр. Универсиада Талдықорған қаласында 8-ші рет өткелі жатыр. Универсиаданың 7 рет жеңімпазы атандық. Биыл да жеңімпаз болудан үміттенудеміз.



**- Дзюдо қазіргі жастардың арасындағы таңдаулы спорт түрінің бірі саналады. Спортшыларыңыздың жетістіктерін айтып кетсеңіз? Шафкат ЕШМАТОВ, Қазақстан спорт шебері, халықаралық дәрежедегі төреші, дзюдо күресінің аға бапкері:**

- Оқытушы-бапкерлердің міндеттері спортқа баулу, жаттығулар өткізу, жарыстар ұйымдастыру, Қазақстан біріншілігіне университеттің құрама командасын дайындау болып табылады. Баптап жүрген ерлер құрамасының жігіттері жылда жеңімпаз, жүлдегерлер атанып жүр. Қазақстан құрамасының, облыс құрамасының сапында Дидар Хамза, Дулат Хамза, Надыр Тұрғынов, Ерлан Нұрманов сынды спортшыларымыз бар. Осылар Алматыда сәуір айының 21-24 жұлдызы аралығында өтетін Жастар арасындағы Азия кубогі біріншілігіне дайындалуда. Нуриддин Ерехан деген жігітіміз Қазақстан жүлдегері атанып, сәуірдің аяғында Германияға Европа кубогына аттанғалы жатыр. Осы сайыстарда жеңіске жету үшін спортшыларымыз да, біз де барынша дайындық жасау үстіндеміз.

**- Таэквондо жастар арасында кең тараған спорт түрі. Бұл шығыс жақпе-жегінде шәкірттеріңіз қандай биіктіктерді бағындыруда?**



**Ренат ҚҰРАЛБАЕВ, таэквондо бапкері, Азия ойындарының қола жүлдегері:**

-Таэквондо спорт үйірмесінде жаттығушылар ересектер, жастар, жасөспірімдер мен балалар деп бөлінеді. Әр жас бойынша жеңімпаздарымыз бар.

Нұрлан Мырзабаев ересектер арасында Қазақстан чемпионы атанып, маусым айында Кореяда өтетін Әлем біріншілігіне жолдама алды. Нұрлан 2020 жылғы Олимпиада ойындарына бірден-бір үміткеріміз. 14-17 жас аралығындағы жастар арасында Елеман Балтабаев Әлем біріншілігінде 3-орын, Медет Жолдыбаев пен Мақсат Орынбасар Түркияда өткен Европа біріншілігінде 1-орынды жеңіп келді. Осы спортшыларымыз 4 жылда

бір өтетін 2018 жылы Аргентинадағы Жастар Олимпиадасына үміткер жастарымыз. Үлкен спорт ареналарда сайысқа түсіп жүрген 10 таэквондошымыз бар. Дәл қазір Атырау қаласында 19-шы сәуірде өтетін G1 олимпиадаға рейтинг жарысына, мамыр айының 6-9 аралығында Ақтау қаласында өткізілетін «Қазақстанның жастары арасындағы ойын» сайыстарына баруға дайындалып жатырмыз. 11-13 жас аралығындағы жасөспірімдер арасында Орал қаласында наурыз айында Қазақстан біріншілігі өтті. Бұл біріншілікте Аида Есенбердіқызы жеңімпаз атанып Әлем және Азия біріншіліктеріне жолдама ұтып алды. Маусым айының 6-шы жұлдызында Вьетнам мемлекетінің Хошимин қаласында өтетін Азия біріншілігі мен тамыз айында Египетте өтетін Әлем біріншілігінде бақ сынады. Балалар арасында ең жас спортшы қызымыз 3-сынып оқушысы Ақсауле Рақымжанова Республикалық Ашық турнирде 1-орын иемденіп, 6-маусымда өтетін Қазақстан біріншілігіне дайындалып жатыр. Мінекей, осындай сайыстарға баруға дайындық үстіндеміз.

Облыстық спорт мектебі бүкіл спортшылардың жағдайын жасап отыр. Соның арқасында бір жылдың ішінде Халықаралық жарыстарға 5-6 рет қатыстық. Атап айтсақ Дубай, Түркия, Ресей мемлекеттерінде өткен чемпионаттарда бақ сынадық. Шәкіртіміз Елеман Балтабаев Әлем біріншілігінде 3-орын иемденіп, оған 300 мың теңге көлемінде сыйақы берілді. Университет тарапынан спортшыларға квота, грант бөлінеді. Жарыс уақыттарында сабақтан босатылады. Спортшылардың жағдайы жасалынып жатқан соң, жетістіктері жоғары деңгейден көрінуде.

**- Баскетболдың қазіргі таңдағы жағдайын айтып берсеңіз?**

**Алик ВАЛИЕВ, ҚР еңбек сіңірген бапкері, баскетболдан әйелдер командасының бас бапкері:**

- Біздің баскетбол әйелдер командасы Қазақстан біріншіліктерінде 1999, 2002 жылдары жоғарғы лигада ойнап екі рет 1-орынды жеңіп алдық. Қоржында 3 күміс медаль, 4 қола медаль бар. Универсиаданың 5 дүркін чемпионы атандық. Пакистанда өткен Халықаралық «Ислам мемлекеттерінің әйелдері арасындағы ойындарында» 4-орын иемдендік. Дәл қазір қыздарымыз Баскетболдан Көкшетау қаласында өтіп жатқан әйелдер арасындағы біріншілікте жоғарғы лигада сайысқа түсіп



жатыр. Айнұр Қадірқожа, Жантолқын Күмісбек, Ақмарал Рысқұлбек, Саида Азимова деген қыздарымыз облыстық құрама командасының құрамында Оңтүстіктің намысын қорғап жүр.

**- Бокстан Бекзат Саттархановтың жеңісін қайталайды-ау деп үміт күтіп отырған шәкірттеріңіз бар ма? Олжас ЕРЖАНОВ, бокс бапкері:**

- 2016 жылдың қазан айында Санкт-Петербург қаласында жасөспірімдер арасында өткен әлем чемпионатында 3-курс студенті Бек Нұрмағанбет күміс медаль ұтып алды. Бекзат Саттархановтан кейін 16 жылдан соң қайталанған жеңіс. Бек Бекзат ағамыздың жеңісін қайталайды деген сенімдеміз. Жақында өткен Бекзат Саттарханов атындағы халықаралық бокс турнирінде бір күміс, бір қола медаль олжаладық. Күміс медальдің иегері Ерасыл Зияда, қола медальді Асхат Тастанбек еншіледі. Шәкіртіміз Ерасыл Зияда көптеген халықаралық жарыстардың жеңімпазы. Облыс құрамасында Ерасыл Зияда, Бекзат Сейіл, Асхат Тастанбек және Бек Нұрмағанбет облыс және ұлттық құрама сапында сайыстарға түсіп жүр. Сәуірдің 24-ші жұлдызында Щучинскі қаласында өтетін «Қазақстанның жастары арасындағы ойында» Ерасыл Зияда сынға түспекші.

Біз оқып жүрген кездері сабаққа қатысудың еркін түрі деген болатын еді. Ұлттық, облыс құрамаларында жүрген спортшыларымыз жарыстарға көп қатысатындықтан сабақтардан қалып қояды. Сондай жағдайларды ескеріп студенттерге көрсетілген қолдау болатын. Емтихан-сынақ автоматты түрде қойылатын. Ал қазір ондай жеңілдіктер болмағандықтан спортшы-студенттерге қиындықтар туындауда. Университет басшылары осы жағын да ескерсе екен деймін.

**P.S. Жаттығу залдарында қызу дайындық жүріп жатыр екен. Бапкерлеріміздің еңбегі жаңып, спортшыларымыздың бабы мен бағы қатар жаңып, көк байрағымызды көкке желбірете беріңіздер! - дегіміз келеді.**



## ГАЗЕТТИҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ

# Yesevi

## Üniversitesi

ГАЗЕТТИҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ

Бетті жүргізуші журналист Ғалымжан Тәжібаев

### Prof. Dr. Mehmet Kutalmış TÜRKÜNİB Toplantısına Katıldı

Türk dünyası ülkeleri arasında kapsamlı iş birliğini teşvik etmek amacıyla kurulan Türk Keneşi; Kırgızistan-Türkiye Manas Üniversitesi'nin ev sahipliğinde bir araya gelerek Türk Üniversiteler Birliği üyeleri ile Orhun Değişim Programı uygulama sürecine ilişkin bir toplantı düzenledi.

Türkiye, Kazakistan, Kırgızistan ve Azerbaycan olmak üzere 4 kurucu ülkeden 14 üyesi bulunan Türk Keneşi Türk Üniversiteler Birliği (TÜRKÜNİB) toplantısına; Türk Keneşi Genel Sekreter Yardımcısı Dr. Ömer Kocaman, TÜRKÜNİB Dönem Başkanı ve Kırgızistan-Türkiye

Orhun Değişim Programının uygulanması hususu ve buna ait yönetmelik kabul edildi. Türk Keneşi Türk Üniversiteler Birliği toplantısında; birliğe üye üniversitelerin spor takımlarının katılımıyla Kırgızistan-Türkiye Manas Üniversitesinde 15-19 Mayıs 2017 tarihlerinde "Birlik için spor..." sloganıyla 5 branşta gerçekleştirilecek olan "1. Türk Üniversiteler Birliği Spor Oyunları" ile ilgili hazırlıklar görüşülüp, üye üniversitelerin katkılarıyla karara bağlandı.

Toplantının akabinde imza törenine geçilerek üye üniversitelerin temsilcileri tarafından alınan kararlar ve "Orhun Değişim Programı" protokolü imzalandı. Bu kapsamda Ahmet Yesevi Üniversitesi rektör vekili Prof.



Manas Üniversitesi rektörü Prof. Dr. Sebahattin Balcı, Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış ve diğer üye üniversitelerin temsilcileri katıldı.

6 Nisan Perşembe günü, Dr. Ömer Kocaman ile Prof. Dr. Sebahattin Balcı başkanlığında gerçekleşen toplantıda, Türk Keneşi Genel Sekreterliği tarafından üye üniversitelerde yapılan Orhun Süreci ve değişim programlarına ilişkin araştırma sonuçları, TÜRKÜNİB Öğrenci Konseyi'nin ilk toplantısında alınan kararlar, Orhun Süreci kapsamında üye üniversiteler arasında gerçekleştirilecek değişim programı görüşüldü. İlk uygulama olarak uluslararası ilişkiler ve siyaset biliminde

Dr. Mehmet Kutalmış; İstanbul Üniversitesi, Bakü Devlet Üniversitesi, Kırgızistan-Türkiye Manas Üniversitesi ve Atatürk Üniversitesi ile Orhun Değişim Programı protokolünü imzaladı. Ayrıca Türk Keneşi Genel Sekreteri Ramil Hasanov, imza törenine katılarak, çalışmalarından dolayı üniversite temsilcilerine tebrik ve teşekkürlerini ilettiler.

Ahmet Yesevi Üniversitesi rektör vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış Kırgızistan programı çerçevesinde çeşitli ziyaretler ve temaslarda bulundu. TÜRKÜNİB üyeleri ile birlikte Türkiye Cumhuriyeti Bışkek büyükelçiliğini ziyaret ederek Kırgızistan programını tamamladı.

### Ahmet Yesevi Üniversitesinde "Enactus" Organizasyonu

Dünyanın seçkin üniversiteleri, eğitim kuruluşları tarafından en prestijli sosyal yardımlaşma ve dayanışma aktivitesi olarak kabul edilen "Enactus" organizasyonuna, Ahmet Yesevi Üniversitesi ilk defa bu yıl katılacak. Üniversite öğrencilerinin oluşturdukları takımlar fikirlerini, sosyal projelerle uygulama fırsatı sağlayan ve yarının vizyon sahibi iş liderleri olmalarını amaçlayan "Enactus" organizasyonunda üniversitemizi "Enactus Ahmet Yesevi" takımı temsil edecek.



27-28 Nisan 2017'de Almatı'da düzenlenecek olan "Enactus 2017 Kazakistan" sosyal yardımlaşma ve dayanışma yarışmasına, Ahmet Yesevi Üniversitesi, Sosyal Bilimler Fakültesi Uluslararası İlişkiler Bölümü ile Uluslararası İlişkiler Kulübü tarafından oluşturulan "Enactus Ahmet Yesevi" takımı, "Sen de bir el uzat" projesiyle katılacak.

Doç. Dr. Eftal Ş. Batmaz ve Murat Abitalipov danışmanlığını yaptığı "Enactus Ahmet Yesevi" takımı "Enactus 2017 Kazakistan" yarışmasında sunmak üzere toplanacak yardımlar için üniversitemizde yardım kampanyası başlattı. 25 Nisan 2017'ye kadar devam edecek kampanyanın açılışı 4 Nisan Salı günü Türkistan Yerleşkesi Rektörlük binası önünde gerçekleşti. Düzenlenen programda yardımsever ve sorumluluk duygusuna sahip Ahmet Yesevi Üniversitesi öğrencileri, personelleri ve akademisyenleri daha ilk günden büyük yardıma imza attılar.

Büyük ilgi gören yardım kampanyası açılış programına; Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Yardımcısı Yrd. Doç. Dr. Mustafa Eren, Sosyal Bilimler Fakültesi Dekanı Prof. Dr. Mehmet Toplu ve Uluslararası İlişkiler Bölüm Başkanı Doç. Dr. Eftal Ş. Batmaz, Türkoloji Enstitüsü Müdürü Dr. Serdar Dağıstan'ın yanı sıra birçok akademisyen ile personel de katıldı.

